

Л 2007

39 К

ТАСЫМОВ Б.

АРАБ ТІЛІ



“Сөздік-Словарь”
2005

АРАБ ТІЛІ

اللغة العربية

ب.ب.سى. تاسيىروف

اللغة العربية

المختص الاكاديمي

ع.ت. حيدروف

Жалпы редакциясын басқарған Қазақстан
Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының академигі Ә.Т. Қайдаров

Үшінші басылымы, өңделген

Б. С. ТАСЫМОВ

АРАБ ТІЛІ

*Жалпы редакциясын басқарған
Қазақ ССР Ғылым академиясының
академигі Ә. Т. ҚАЙДАРОВ*

ББК 81. 2 Араб—

Т 22

Жоғары оқу орындарына оқу құралы ретінде Қазақ
Мемлекеттік Ұлттық университеті Шығыстану факультетінің
Ғылыми кеңесі бекіткен

Пікір жазған шығыстанушы-арабист, филология
ғылымдарының докторы, профессор
Ә.Б.Дербісәлі

Тасымов Б.С.

Т 22 Араб тілі/ Жалпы ред. басқарған Ә.Т. Қайдаров.
Үшінші басылымы, өңделген. — Алматы: Сөздік-Словарь,
2005.— 585 бет.

ISBN 9965-409-80-3

Т 4602020000
00(05)-05

ББК 81. 2 Араб

ISBN 9965-409-80-3

© “Мектеп” баспасы, 1988
© “Жазушы” баспасы, 1990
© Тасымов Б.С., 2005
© “Сөздік-Словарь”, 2005

КІРІСПЕ

Араб тілі — семит тілдері тобының (эффиоп, иврит, аккад, арамей) ең бай тармағы болумен қатар, әлемдегі негізгі тілдердің біріне айналды. Қазір бұл тілде жүз елу миллионнан астам адам сөйлейді. Араб тілі— Кувейт, Біріккен Араб Әмираттары, Оман, Йемен Араб Республикасы, Сауд Араб мемлекеті, Ирак, Иордания, Сирия, Ливан, Египет, Судан, Ливия, Тунис, Алжир, Марокко секілді тағы басқа да көптеген елдердің мемлекеттік ресми тілі. Сондай-ақ ол Туркия, Пакистан, Иран, Ауғанстан, Сомали секілді елдерге де кең тараған.

Араб тілі орта ғасырларда Үндістан мен Атлант мұхиты аралығында өмір сүрген халықтар арасында кең қанат жайған. Өйткені VII ғасырдың ортасынан бастап ислам дінінің таралуына байланысты араб тілінің рөлі де бірте-бірте күшейе түседі. Әсіресе араб мәдениетінің қайта өрлеу дәуірі тұсында оқу, білім, өдебиет пен мәдениет, сәулет өнері айрықша дамыды. Тіл білімі, тарих, география, математика, астрономия, медицина секілді ғылым салалары бойынша гуманизм идеяларына толы көптеген еңбектер дүниеге келді. Сол себепті де Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли Ибн Сина, Ибн Баттута секілді мәшһүр ғұламалар шығармалары күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Араб тілі ғылым, білімнің тілі болып дәуірлеп тұрған кезде Бағдадта қазіргі Ғылым академиясы сияқты “Байт әл-Хикма” (“Даналық үйі”) деп аталған білім ордасының іргетасы қаланды. Платон, Аристотель, Евклид, Гален секілді көне грек оқымыстыларының туындылары араб тіліне тәржімаланып, оларға түсіндірмелер жазылды. Зерттеу жүргізілді. Мол қолжазба қоры жасалды.

Классикалық араб тілі сандаған ғасырлар бойы Орта және Кіші Азия, Таяу және Орта Шығыс, Закавказье, Солтүстік

Африка мен Оңтүстік Испания (Андалусия) халықтарының өзара қатынас құралы болды. Тіпті күні кешеге дейін (1929 ж.) қазақ халқы да өзге түркі тектес халықтар сияқты, араб графикасын пайдаланып келгені белгілі. Араб жұртында ана тілін зерттеу мәселесіне орта ғасырлар кезінде-ақ айрықша мән беріліп, араб тілі грамматикасын зерттейтін Абу-л-Асуад ад-Дуали негізін салған тіл ғылымы дүниеге келген.

VIII–XV ғасырлар арасында Абу Амр ибн әл-Ала, Абу-л-Хаттаб әл-Ахфаш әл-Акбар, Халил ибн Ахмад Фарахиди, Иунис ибн Хабиб, Амр ибн Усман ас-Сibaуайхи, әл-Асмаи, Абу Джағфар ар-Руаси, Муғаз әл-Харра, Али ибн Хамза әл-Асади әл-Қисаи, әл-Фарра секілді ғалымдар араб тіліне арналған еңбектер жазды. Бағдад, Басра, Куфа секілді қалаларда араб тілін зерттейтін арнайы мектептер ашылды.

Бұл үш мектептің әрқайсысы араб тілі грамматикасын өзінше түсіндірген. Ұлы жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби де ғылымды жүйелеуге арналған еңбектерінде әуелгі тарауды араб тіліне арнай отырып, ол жайлы өзінің терең де айқын, мәнді де өміршең ойларын айтқан.

Араб тілі сөздік қорының ұлғайып, шешек ата дамуына әлемге әйгілі “Мың бір түн”, “Қалила мен Димна” секілді ғажайып ертегілермен қатар мақал, мәтелдер, нақылдар мен шешендік сөздер, эпостық шығармалар, сондай-ақ өзге де сөз өнерінің талай асыл інжу-маржандары сөз жоқ үлкен әсер етті.

Бертін келе бірте-бірте тарихи-экономикалық даму негізінде классикалық араб тілінің лексикасы мен құрылымдық жүйесінде өзгерістер пайда болды. Өзге елдермен болған әр түрлі қарым-қатынастарға байланысты жаңа сөздер ауысты. Ғылыми-техникалық сөздер тобы кірді. Осындай ерекшеліктері болғанымен, қазіргі араб әдеби тілі ежелгі классикалық тілден бүтіндей өзгеріп те кеткен жоқ.

Қазіргі кезде араб әдеби тілі – радио мен телевизия, баспасөз бен ғылым, өкімшілік қағаздары мен көркем әдебиеттің тілі.

Араб жұртында әдеби тілмен қатар күні бүгіндері өзіндік жергілікті диалектілер де бар. Ол араб халқының ұлан байтақ жерлерге жайыла қоныстануынан және орта ғасырлардағы жаулап алынған халықтар тілінің кейбір әсерінен, сондай-ақ

отарлық тәуелділік кездеріндегі метрополия тілдері элементтерін өз бойына сіңіруі нәтижесінде қалыптасты.

Араб диалектілері аумақтық жағынан египет, сирия-ирак, арабия және мағриб диалектілері болып төрт үлкен топқа бөлінеді. Бұлар бір-бірінен тым алшақ та. Мағриб (Батыс) елдерінің диалектісін білетін адам, Машриқ (Шығыс) жұртының диалектісін түсіне бермейді. Ал араб әдеби тілі сауатты жұрттың бәріне түсінікті, бәріне ортақ.

Араб тілінің сөздік қоры өте бай. Омонимдер мен синонимдер қатары да өте көп, әсіресе, етістік формалары, сөздің көп мағыналылығы мен тұрақты сөз тіркестері ерекше дамыған.

Есімдердің бәріне септік (атау, ілік, табыс), халдік (белгілі, белгісіз), тектік (музәккар, муәннас), сан-мөлшер (жекеше, екілік, көпше) категориялары тән. Араб етістіктері бабтарға – морфологиялық типтерге бөлінеді. Олар қазақ тіліндегі өздік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс мағынасымен сәйкес келеді. Құрылысы жағынан араб тіліндегі етістіктер толымды және толымсыз етістіктер болып екіге жіктеледі.

Қазіргі ғылым мен техникаға қатысты терминдерді атауға қажетті жаңа сөздер жасауға араб тілінің грамматикалық құрылысы өте икемді. Сол себепті әдеби тілде басқа тілдермен салыстырғанда шетел тілінен ауысқан сөздер өте аз.

Араб халқының тұрмыс-тіршілік, салт-санасы, әдет-ғұрпы олардың тілінен айқын байқалады. Мәселен, сахара табиғатын сипаттайтын, әсіресе, көшпелі бәдәуилер өмірінің негізгі тұтқасы – түйе малына қатысты сөздерге араб тілі аса бай. Көшпелі тіршілік пен дала табиғатына байланысты сөздер қазақ тілінде де мол екенін ескерсек, тілдегі бұл құбылыс халықтың тұрмыс-жағдайымен астасып жататыны байқалады.

Араб тілі иран, түркі тілдеріне де едәуір әсер етті. Мысалы, кейбір түркі мен иран тілдері сөздік қорының едәуір бөлігін араб тілінен енген сөздер құрайды. Ал қазақ тіліне енген араб сөздері шамамен он бес мыңға жуық. Оларды екіге бөлуге болады: біріншісі – қазақ тіліне араб тілінен тікелей немесе өзге шығыс тілдері арқылы (мұғалім, қала, дін, медресе т. б.), екіншісі – еуропа тілдері арқылы кірген сөздер (алгебра, азимут, адмирал, альманах т. б.).

Араб лексикасымен қатар жазуы да көптеген тілдерге өзінің әсер-ықпалын тигізді. Мәселен, парсы, пушту, урду секілді тағы басқа халықтардың жазуы араб алфавитіне негізделген.

Өзге елдерді жаулап алу нәтижесінде араб тіліне түрік, иран, үнді тілдері лексикасынан да сөздер енді.

Мәселен, солтүстік йемен диалектісінде «**купри**» (түрік сөзі) — көпір; оңтүстік йемен диалектісінде «**рути**» (үнді сөзі) — нан, сирия диалектісінде «**дуғри**» (түрік сөзі) — тура, ирак диалектісінде «**балта**» (түрік сөзі) — балта, тунис диалектісінде «**барша**» (түрік сөзі) — барша, күллі деген сөздер кездеседі. Ал өзге тілден енген «буя» (бояу), «**дафтар**» (дәптер) т.б. сөздер араб әдеби тілінде айтылып та, жазылып та жүр.

Ғылым мен техниканың дамуына байланысты соңғы жылдары араб тілінің сөздік қорына еуропа тілдерінен, әсіресе, ағылшын тілінен жаңа сөздер кіруде. Мысалы, «**филм**» — фильм, «**фулклур**» — фольклор, «**фитамин**» — витамин.

Арабтардың белгілі бір заттар мен құбылыстардың атауы ана тілінде бола тұрып, еуропа халықтары тілдерінен енген сөздерді жиі пайдаланатыны байқалады. Мәселен, **тормоз** сөзі арабша «фирмала» делінеді, бірақ ағылшынша баламасы «брэк» жиі колданылады. Арабша баламасы бар (масраф) — банк сөзі туралы да осыны айтуға болады.

Тілдердің мұндай бір-біріне әсер етіп, бір тілден екінші тілге сөз ауысуы — үнемі болып тұратын процесс. Қай елдің тілі болмасын, өзге тілдермен тығыз байланыста, қарым-қатынаста кемелденіп, сөздік қоры байып отырады.

Халықаралық экономикалық, мәдени, ғылыми байланыстар қаулап өсіп бара жатқан қазіргі заманда өзге ел тілін білу — уақыт талабы. Еліміз араб елдерімен әр түрлі экономикалық-әлеуметтік өмір салалары бойынша тығыз қарым-қатынас жасап отыр. Олардың ұлттық өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы дамуына, білікті мамандар даярлауына зор көмек көрсетуде. Мәдени, ғылыми қатынастар қалыптасып, нығая түсуде.

Қолыңыздағы «Араб тілі» оқу құралы — араб тілін өздігінен оқып үйренем деушілер мен студенттерге, ғалымдар мен жалпы жұртқа арналған тұңғыш еңбек. Сондай-ақ ол араб елдерінде қызмет етіп жатқан қазақстандық алуан түрлі мамандар үшін де пайдалы болар деп ойлаймыз.

Оқу құралының құрылысы

Кітап екі бөлімнен тұрады: жалпы курс және негізгі курс. Жалпы курстың мақсаты:

- араб тілінің фонетикалық құрылысының негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын ашу;
- араб жазуының, техникасы мен оқу ережелерін үйрету;
- алғашқы сөйлеу (өңгімелесу) машықтарын орнықтыру.

Жалпы курста араб тіліндегі сөз бен оның қазақ тіліне енген нұсқасына қысқаша салыстыру жасалған. Мұғалімнің көмегінсіз, яғни өз бетімен оқып үйрену процесінде аса қиындық келтіретін жазу техникасын меңгеру жұмысына өте көп көңіл бөлінді.

Жалпы курстың жаттығулары оқу нормаларын жақсы игерту мақсатымен транскрипция арқылы берілді. Ал транскрипция қазақ алфавитімен таңбаланған.

Негізгі курстың мақсаты:

- араб тілінің грамматикалық құрылысын жете меңгерту;
- үлгі (модель) бойынша арабша сөз жасауға машықтандыру;
- сөздікпен жұмыс істей білуге және оның көмегімен онша күрделі емес текстерді аударуға дағдыландыру;
- араб тіліндегі лексика-грамматикалық құрылымы қарапайым сөйлесу негіздеріне үйрету.

Негізгі курста өтілген грамматикалық материалдарды бекіту үшін сабақ сайын біртіндеп күрделене түсетін жаттығулар берілді. Сөйлесу тілін дамытуға арналған күнделікті тұрмыс тақырыптарына құрылған текстер, сондай-ақ сөйлесуге арналған үлгілік диалогтар енгізілді. Қазақ тілі мен араб тілінің тілдік нормаларын үнемі салыстырып отыруға ерекше көңіл бөлінді. Бұл қазақ тілінде кездеспейтін құрылымдар мен сөз тіркестерін, грамматикалық модельдерді түсіну мен меңгеруді жеңілдететін түседі.

Текстер мен жаттығуларда араб тіліндегі кітаптардан, күнделікті баспасөз беттерінен алынған материалдар пайдаланылды. Арабтардың әдебиеті, мәдениеті, тарихы, экономикасы, өдет-ғұрпымен таныстыратын текстер тілдің өзіндік ерекшелігі мен құрылысын сақтау үшін өзгеріссіз берілді. Кітапта олар сөз тіркесі, сөйлем құрылысының ерекшелігіне орай бірте-бірте күрделендіре орналастырылған.

Әрбір бөлімде әуелі негізгі және орташа маңызға ие грамматикалық ұғымдар, онан кейін тілдік қағидалар туралы түсінікті бекітетін жаттығулар орналастырылған. Ауызша сөйлеу машығын қалыптастыратын дайын сөйлем құрылымдары, диалогтар, мақал-мәтелдер берілген. Алдыңғы бөлімдерде есте сақтауға жеңіл болуы үшін сөйлесу сөздіктеріндегідей харакаттары қойылған арабшасының тұсына қазақша баламалары қатар жазылған.

Кітап соңындағы оқу мен тәржімелеу дағдысын қалыптастыруға арналған текстер түпнұсқадағы күйінше ешбір өзгеріссіз алынған. Кейбір текстерден кейін аудару процесіне ең қажетті сөздер тәржімесі берілген. Бұған кірмеген жаңа сөздер болса, олардың аудармасын үлкен сөздіктен қараған жөн.

Кітап алфавиттік тәртіппен түзілген арабша-қазақша және қазақша-арабша сөздікпен аяқталады. Сөздіктердің бұлайша берілуін алғашқы оқып үйрену процесінде «ұялық» әдіспен құрылатын араб сөздіктеріндегі сөздерді бірден тауып ала қою қиынға түсетінін ескергендік деп түсінген жөн.

Кітаптың лексикалық құрамына қазақ тіліндегі арабизмдер барынша мол енгізілді. Бұл — сөздерді есте сақтау мүмкіндігін арттырады. Бірақ осыған қарап, қазақ тілінде араб сөздері проценті тым жоғары екен деген ұшқары түсінік тумағаны жөн. Өйткені олардың біразының мағынасы арабша нұсқасына сәйкес келе бермейді. Бұл өзгеріс арабизмдердің ауысу кезіндегі тарихи жағдайларға және басқа тілдердің тигізген әсеріне байланысты туған. Мағыналық өзгерудің мысалдары ең қажетті сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін өз бетінше аудару мен біртіндеп есте сақтау үшін берілген әр сабақтың соңындағы сөздіктерден-ақ айқын байқалады.

Кітап грамматикалық таблицалармен және анықтамалық материалдармен толықтырылған. Оқу құралына қазақ, тілінде 30-жылдарға дейін пайдаланылып келген араб жазуының өзіндік ерекшеліктерімен таныстыратындай материалдарды қамтыған арнайы бір бөлім енгізілді. Бұл жазу қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктеріне қарай бейімделіп жасалғандықтан, араб алфавитімен толық сәйкес келмейді. Сондықтан ол қосымша материал ретінде жеке бөлім етіп берілді. Бұл бөлім — революцияға дейінгі Қазақстанның тарихымен, этнография-

сымен, әдебиетімен және т.б. зерттеушілердің, тарихи документтерімен, қолжазбаларымен, араб графикасын пайдаланған ғалымдар мен ақын-жазушылардың творчествосымен таныса алуына көмектесу мақсатын көздейді.

Әдістемелік көрсеткіштер

«Жалпы курс» материалдарын төмендегі ретпен оқып үйрену ұсынылады:

1) араб тілінің фонетикалық ерекшеліктерімен танысқаннан кейін, жекелеген дыбыстардың айтылуы мен олардың жазылу техникасын меңгеруге мән беру;

2) оқылған материалды бекіту үшін біртіндеп күрделене түсетін жаттығуларды толық орындау;

3) әр бөлімнің соңындағы теориялық материал туралы түсінікті бекітуге бағытталған сұрақтарға жауап қайтару.

«Негізгі курсты» оқып үйренгенде мына төмендегілерді басшылыққа алған жөн:

1) грамматикалық материалдармен танысқаннан кейін, оған қатысты берілген жаттығуларды орындау қажет;

2) жолдың үстіне және астына жазылатын белгілерді (харакаттарды) қоймай жазуға біртіндеп дағдылана берген дұрыс;

3) әдемі жазуға машықтану үшін текстер мен жаттығулардағы материалдарды үнемі көшіріп жазып отыру керек;

4) текстермен жұмыс істеу кезінде әуелі оны оқып, көшіріп жазу қажет, таныс емес сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін сөздіктен тауып, сонан кейін тексті аударуға көшкен дұрыс;

5) әрбір сабаққа берілген жаңа сөздерді, тілдік оралымдарды, тұрақты сөз тіркестерін, мақалдар мен диалогтарды жаттап алған жөн;

6) сөзді дұрыс айтып үйрену үшін арабша текстер жазылған магнитофон ленталарын пайдалану қажет;

7) тілді өз бетімен оқып үйрену барысында араб елдерінің тарихы, географиясы, мәдениетіне және т.б. қатысты материалдармен танысып отыруға ерекше көңіл бөлу керек. Бұл тілдің, өзіндік ерекшелігін жете түсінуге мүмкіндік береді және кісі аты мен жер-су аттарын, одан арғы практикалық

жұмыстарда кездесетін жекеленген арнаулы терминдерді аударуда көп жеңілдік туғызады.

Автордан

Бұл кітап араб тілін өз бетімен оқып үйренгісі келетін талапкерлерге арналған. Сонымен бірге оны араб тілі мамандарын даярлайтын, араб тілі шет тілі дәрежесінде жүретін оқу орындарында оқу құралы ретінде пайдалануға да болады. Кітаптағы материалдар оқырмандарының білімі жалпы білім беретін мектеп көлемінде және ана (қазақ) тілінің грамматикалық нормаларымен біршама таныс болуын қажетсінеді.

Бұл – екі жылдық оқу мерзіміне негізделген оқу құралы. Екінші бөлімде араб етістіктерінің категориялары, синтаксис, күрделі текстер мен жаттығулар беріледі.

Автор бұл кітапты жазуда көп жылғы араб елдерінде атқарған тәржімешілік және ҚазҰУ-дің филология факультетінің араб бөліміндегі оқытушылық тәжірибесіне сүйенді.

Кітапты жазу барысында автор көптеген оқулықтар, сөздіктер, орыс, қазақ, араб тілшілерінің тіл білімі жөніндегі еңбектерін пайдаланды (библиографияны қараңыз). Сондай-ақ Ирак, Йемен Араб Республикасы, Тунис т.б. елдердің мектепке арналған араб тілі оқулықтарына сүйенді.

Бұл оқу құралы – араб тілі негіздерін қазақ тілінде жазудың, екі тілдегі грамматикалық категорияларды салыстырмалы түрде түсіндірудің алғашқы тәжірибесі.

Қазақ тілінде алғаш жазылып отырған кітап болғандықтан, кейбір кемшіліктердің болуы да мүмкін. Оқырмандардың бұл еңбекке қатысты ескертпелері болса, автор оларға рақмет айтады.

Шартты түрде қысқартылып алынған сөздер

- диал. — диалект сөздері
- е. ж. т. — есімдердің жекеше түрі
- е. к. т. — есімдердің көпше түрі
- е. е. т. — есімдердің екілік түрі
- мр — (музәккар) — ер тегі
- мс — (муәннас) — әйел тегі
- транс-я — транскрипция
- инф. — инфинитив
- с. с. — сөзбе-сөз
- қ. ж. т. — қосылып жазылатын түр
- ж. ж. т. — жеке жазылатын түр
- с. орт. — сөз ортасында
- с. аяғ. — сөз аяғында
- с. бас. — сөз басында
- тар. — тарихи
- ж. е. — жалқы есім



I-БӨЛІМ

ЖАЛПЫ КУРС

§ 1. АРАБ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Араб тілінің дыбыстық жүйесі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен едәуір өзгеше: бірқатар дыбыстар қазақ тіліндегі дыбыстармен толық сәйкес келсе, енді бір тобы қазақ тілінде мүлде кездеспейді.

Араб тілінде 34 дыбыс бар. Олардың 28— дауыссыз да, 6— дауысты дыбыс¹.

Араб тілінде сөздің дыбыстық жағы мен әріптік құрамының арасында едәуір айырмашылық бар. Мәселен, қысқа дауыстылар жазуда белгіленбейді, артикль көршілес дыбыстың ықпалымен өзгеріп отырады және т. б. Харақаттары қойылмаған сыртқы графикалық формалары бірдей сөздерді түрліше етіп оқуға болады. Мысалы:

كِتَاب (китабун) — кітап

كُتِّبَ (куттабун) — жазушылар

Дауысты дыбыстарсыз берілген сөздердің дұрыс оқылуы оқып отырған адамның грамматика жөніндегі біліміне және сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне байланысты. Сөзді дұрыс оқу мен дұрыс айтуға машықтану үшін фонетикалық транскрипция пайдаланылады, дәлірек айтқанда, шетел тілі ретінде оқылып отырған араб тіліндегі әрбір дыбыс жазуда жалпыға бірдей етіп қабылданған фонетикалық белгімен таңбаланады. Кітапта фонетикалық транскрипция көпшілік оқырманның қабылдауына жеңіл болуы үшін қазақ алфавитіндегі әріптерге негізделіп берілді.

Қазақ тілінде кездеспейтін араб дыбыстарын беру үшін арабистикада жалпыға бірдей етіп қабылданған символдық белгілер пайдаланылды және әріптер қосымша белгілермен толықтырылды (16-17-беттердегі алфавитті қараңыз).

¹/ Біз негізінен белгілі бір таңбалық әріптер арқылы білдірілетін дыбыстар жөнінде айтып отырмыз — Автор.

Араб тілінің қазақ тіліне ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі — сөйлеудің әрбір тыныс алу кезінде айтылатын ырғақтық топтарға бөлінуінде. Ырғақтық топта алдыңғы сөздің соңғы дыбысы кейінгі сөздің алдыңғы дыбыстарымен өзінше бір фонетикалық тізбек жасап, үзіліссіз жалғасып кетеді.

Үнді дауыссыздар сөздің соңында өзгеріссіз айтылады. Араб және қазақ тілдеріндегі мағыналары бірдей сөздердің соңғы дауыссыздарын салыстырып көріңіздер: *хисāб* — *есеп*, *китāб* — *кітап*, *бāб* — *бап*.

Алайда қазақ тіліндегі *з*, *ж* ұяң дауыссыздарына аяқталатын арабизмдер айтылуы жағынан арабша балалмаларына жақын келеді. **Мысалы:** *тāж* — *тәж*; *хāжж* — *қаж*; *жиhāз* — *жиһаз*.

Араб және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар ұяңдық және қатаңдық қасиеттері жағынан бір-біріне әсер ете береді. Дәлірек айтқанда, алдыңғы дыбыстың кейінгі дыбысқа (ілгерінді ықпал) немесе кейінгі дыбыстың өзінің алдындағы дыбысқа (кейінді ықпал) әсер ету процесі байқалады. Әсіресе, араб тіліндегі дауыссыздардың өзінен кейін келген созылыңқы және қысқа дауыстылардың айтылуына тигізетін ықпалы күшті. Араб тілінде барлығы 3 созылыңқы, 3 қысқа дауысты дыбыс бар, бірақ сол дауыстылар өзінің алдында тұрған дауыссыздардың әсерімен түрліше болып айтылады. Сондықтан қазақ тіліндегі дауыстылар санының көптігін пайдалана отырып, бұл кітапта әрбір араб дауыстысы сөздің құрамындағы айтылу ерекшелігіне қарай бірнеше дауыстымен беріледі.

Араб тілінің дыбыстық жүйесі дауыссыз дыбыстарының көптігімен, эмфатикалық, көмей және тіс аралық дыбыстарының мол болуымен, екпін тұрақсыздығымен ерекшеленеді.

§ 2. АЛФАВИТ

Араб алфавиті дауыссыз дыбыстарды білдіретін 28 әріптен тұрады. Олардың 3-і дауыссыз дыбыстармен қатар, созылыңқы дауыстылардың таңбасы ретінде де пайдаланылады.

Араб алфавитінде бас әріп жоқ және әріптердің баспаша түрімен жазбаша түрі бірдей деуге болады.

Сөз оңнан солға қарай жазылады және оқылады.

Жасалу орны жағынан көмейлік дыбыс болып есептелетін хамза алфавит құрамына кірмейді.

Жазу барысында араб әріптері сөз құрамындағы орнына қарай өзгеріп отырады. Алфавиттегі әріптердің 22-сі 4 түрлі көріністе (сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында және жекеше түрде) жазылады. Қалған 6 әріп 2 көріністе жазылады.

Әріптің үстіне немесе астына қойылатын нүктелер дұрыс оқу үшін үлкен роль атқарады, себебі жазылу формалары бірдей әріптер бір-бірінен тек нүктелерінің саны мен қойылу орнына қарай ажыратылады.

Араб алфавиті

Рет саны	Әріптің аты	Транс-я	Жазылу көріністері			
			Сөз бас.	Сөз орт.	Сөз аяғ.	Жеке
1	Алиф	ā, ʾ			ا	ا
2	Бā	б	ب	ب	ب	ب
3	Тā	г	ت	ت	ت	ت
4	Сā	с	ث	ث	ث	ث
5	Джй̄м	ж	ج	ج	ج	ج
6	Хā	х	ح	ح	ح	ح
7	Ха	х	خ	خ	خ	خ
8	Дāль	д	د	د	د	د
9	Зāль	з	ذ	ذ	ذ	ذ
10	Рā	р	ر	ر	ر	ر
11	Зā	з	ز	ز	ز	ز
12	Сй̄н	с	س	س	س	س
13	Шй̄н	ш	ش	ش	ش	ش

14	С̣ад	с	ص	ص	ص	ص
15	Д̣ад	д	ض	ض	ض	ض
16	Т̣а	т	ط	ط	ط	ط
17	з̣а	з	ظ	ظ	ظ	ظ
18	Айн	ء	ع	ع	ع	ع
19	Ғайн	ғ	غ	غ	غ	غ
20	Ф̣а	ф	ف	ف	ف	ف
21	Қ̣аф	к	ق	ق	ق	ق
22	К̣аф	к	ك	ك	ك	ك
23	Л̣әм	л	ل	ل	ل	ل
24	М̣ийм	м	م	م	م	م
25	Н̣ұн	н	ن	ن	ن	ن
26	Һ̣а	һ	ه	ه	ه	ه
27	У̣ау	ў			و	و
28	Й̣а	й	ي	ي	ي	ي




§ 3. ХАРАКАТТАР

Араб тілінде қысқа дауыстыларды білдіретін әріп үстінен және әріп астынан қойылатын белгілер (харакаттар) бар. Олар бұрынғы кездегі қолжазбаларда пайдаланылған. Ал қазір кейбір поэзиялық шығармаларда ғана қолданылады. Жазғанда ең алдымен сөздің графикалық бейнесі салынады, содан соң әріптерге тиісті нүктелері қойылады, ал қажет болған жағдайда оның әріп үстінен және әріп астынан қойылатын белгілері жазылады.

Фатха мен дамма харакаттары өзінің алдындағы дауыссыз дыбыстың үстіне, ал кесра астына қойылады. Харакаттың транскрипциясы ол қойылған дауыссыз

дыбыстың ерекшелігіне байланысты болады. Жұмсақ (ұяң) дауыссыздардан кейін жіңішке дауыстылар, қатты (қатаң) дауыссыздардан кейін жуан дауыстылар жазылады.

Харакаттардың аты мен жазылу үлгісі

Харакаттардың аты	Харакаттардың жазылуы	Харакаттардың транскрипциясы
фатха		а, ә
кесра		и, і, ы
дамма		у, ұ, ү

§ 4. ТАШДИД, СУКУН

Араб тілінде сөздің ортасы мен аяғында қосарланып келген дауыссыз дыбыстар кездеседі. Олар қазақ тіліндегі **шаттық**, **реттеу** деген сөздердегі сияқты айтылады. Жазуда қазақ тіліндегідей емес, бір ғана дауыссыз әріп жазылып, оның үстіне дыбыстың қосарланып айтылатынын білдіретін **◌ِ** («шадда» немесе «ташдид») белгісі қойылады. Қосарланған дауыссыздан кейін дамма мен фатха ташдидтің үстіне, ал кесра астына жазылады.

Құрамында қосарланған дауыссыз дыбысы бар сөздер буынға дәл сол дыбыстардың аралығынан бөлінеді.

Қатар келген әртүрлі екі дауыссыз арасында дауысты дыбыс болмаса, бірінші дауыссыздың үстіне **◌ْ** («сукун») белгісі қойылады.

Ташдид пен сукун белгілері қазіргі жазуда қолданылмайды.

§ 5. ТАУИНДЕР

Белгісіз халдегі есімдердің көпшілігі **н** дыбысына аяқталады, ал оның алдындағы дауысты дыбыс сөздің қай септікте тұрғанына байланысты өзгеріп отырады. Бұл жалғауларды **«тануиндер»** деп атайды. Ғылыми әдебиеттерде олар белгісіздік артиклі деп те айтылады. Тануиндер қосарланған харакаттармен белгіленеді және олар қазіргі заманғы текстерде жазылмайды.

Аттары	Белгіленуі	Айтылуы
тануин-фатха	◌َ	-ан
тануин-кесра	◌ِ	-ин
тануин-дамма	◌ُ	-ун

Араб дауыссыздарының таблицасы¹

Жасалу әдісіне қарай		Жасалу орнына қарай		Ерін дауыссыздары		тандай дауыссыздары						көмей дауыссыздары		
				еріндік	еріндік-тіс	тіл алды дауыссыздары						желбезенгік	көмейлік	
						тіс аралық (жай)	тіс арты (жай)	тіс арты (эмфатикалық)	тіс арты	тіл ортасы	тіл арты			
шұғыл	ауыз жолды	ұяң	б			д	д							айн
	қатаң					т	т		к	к	хамза			
	мұрын жолды дауыссыздар		м						н					
ызың	ауыз жолды	ұяң			з	з	з			ф				
	қатаң		ф		с	с	с	ш		х	һ	х		
	ауыз жолды үнді дауыссыздар		у						л	й				
Африкаг	ұяң								ж					
діріл	үнді								р					

¹ Ковалев А. А., Шарбатов Г. Ш. «Араб тілі оқулығындағы» таблица негізінде жасалды.

§ 6. ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Араб тіліндегі тыныс белгілері жазылуы жағынан қазақ тіліндегі тыныс белгілерге ұқсас болады. Араб жазуының өзіндік ерекшелігіне байланысты сұрақ белгісі оңнан солға қарай, ал үтір төңкеріліп қазақ тіліндегі вариантына қарама-қарсы формада жазылады: Араб тіліндегі үтірдің сөйлемдегі ролі қазақ тіліндегідей үлкен емес, оның қызметін көбінесе көмекші сөздер, жалғаулық шылаулар, т. б. атқарады.

§ 7. ЦИФРЛАР

Араб цифрларының жазылуы қазіргі қолданылып жүрген қазақ цифрларынан өзгеше (таблицаны қараңыз).

Қазақша	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Арабша	٠	١	٢	٣	٤	٥	٦	٧	٨	٩	١٠

Көп цифрдан тұратын (екі не одан да көп) сандар, оның ішінде телефон нөмірлері, түрлі индекстер және т. б. солдан оңға қарай оқылады. Арифметикалық амалдар оңнан солға қарай жазылады. Ондық бөлшектегі сандарды бөліп тұратын үтір төмен қарай сәл еңкіш қалыпта жазылады. Процентті білдіретін белгі цифрдың сол жағына қойылады.

Дата хаттарда, документтерде және басқа да текстерде оңнан солға қарай жазылады да, цифрлар (жыл, ай, күн) бір-бірінен қиғаш сызық арқылы ажыратылады.

Баспа басылымдарының беттерін нөмірлеу оңнан солға қарай жүргізіледі, осыған сәйкес кітаптың немесе журналдың мұқабасы мен титул беті оң жақ басында болады.

Мысалы: 1406—١٤٠٦; 1985—١٩٨٥; 12,63—١٢,٦٣; 99%—٪٩٩; 1/ X-86— ٨٦/١٠/١; 6:2=3-٣ = ٢ : ٦.

Ескерту: Дата соңына **м** және **һ** әріптері қойылады: **م** — **ميلاد**, григориандық (христиандық) жыл санау сөзінің бірінші әрпі; **ه** — **هجرة**, «қоныс аудару»